

23 .01.2016 ж

Ю ПОПОВ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 ақпандағы Қаулысымен Қарқаралы қаласындағы №2 орта мектепке Әлімхан Ермековтің есімі берілді.

Жеке кездесулер



1955 жылы Қарағанды тау-кен институтына оқуға түскенімде жоғары математика пәні бойынша аға оқытушы Әлімхан Ермеков дәріс оқып жүрді. Ақ самайлы, дене бітімі мығым, маңайына мұқият қарайтын, әркімге қамқорлық таныта білетін адам. Студенттерге оның тақырып мазмұнын түсіндіруі – байсалдылығы ерекше ұнады. Дәріс оқушы Ермековтің бір ерекшелігі есімде. Өзінің жұмыс костюмінің оң жақ қалтасына бор қарындаштарын салып жүретін. Тақтадағы жазуы – ірі,

ұғынықты. Сабақ аяқталғанда әлгі борды «өз орнына» қайта салып қоятын. Студенттерге түсінікті жағдай. Әлімхан Әбеуұлы лагерьден босап шыққан. Бар затын өзімен алып жүруге дағдыланған. Сол кезде ол туралы соғысқа дейін қазақ тілінде жарық көрген математика пәні оқулығының авторы деген дақпырт жүрді.

Бірнеше жыл уақыт өтті. Мен КазССР ҒА ХМИ-ге жұмысқа орналасып, осы жерде математиктің ұлы – Мағауия Ермековпен таныстым. Институт қызметкері Владимир Новиковпен бірге қарағандылық өлкетануға үңіле бастадық. 1913 жылы Ә.Ермеков ғалым Г.Потанинге Қарқаралы уезіне сапары кезінде жол көрсетті. Міне, Мағауия Әлімханұлына осы сапар туралы тереңірек білгіміз келгенін айттық. Бірақ, Потаниннің серіктесі кездесуді кейінге шегертті. Осы арада Ә.Ермеков өз үйінде бұрынғы боксшы, бұқаралық ақпарат құралдарының штаттан тыс тілшісі Костя Хоросановты қабылдады. 1967 жылғы 6 қаңтарда «Индустриальная Караганда» газетінде

«Солнце со стороны России» суреттемесі жарық көрді. Мақалада Ө.Ермековтің Қазақстан автономиясын құру және В.Ленинмен кездесулері туралы жазылған.

В.Новиков екеуімізге 1969 жылдың 22 тамызында Ө.Ермековпен кездесудің сәті түсті. Үй иесі 1913 жылғы сапарға деген қызығушылығымызды жоғары бағалағанымен, Ө.Бөкейхановтың жеке қасиеттеріне кеңінен тоқталды. Оны әлемдік мәдениет пен саясаттың білгіріне теңеді. Өңгімеміз қазақы дәстүрмен жайылған дастарқан басында өрбіді.

Осы кездесудің әсері бір демде жазылып, үзіндісі «Индустриальная Караганда» газетінде 1969 жылдың 17,18 және 19 қыркүйегінде «Последнее путешествие Григория Потанина» тақырыбында жарық көрді. «Халық жауы» деген жала тағылып, 19 жыл бойы жариялауға тыйым салынған Өлімхан Ермековтің есімі қарағандылықтарға жаңа қырынан танылды. Қазақ ұлттық идеясының ардагері біздің шұғыл қимылымызға:

– Сіздерге дейін де жазушылар мен журналистер келді. Бірақ, әлі үнсіз, – деп таңданды.

Тарихқа шолу

Өлімхан Ермеков (1891-1970) Қарқаралы уезі Темірші болысының №1 ауылында, ауқатты малшының отбасында дүниеге келген. Атасы – Ермек Жиенбаев ұзақ жылдары бойы болыс болған. Әкесі – Әбеу Ермеков осы қызметке төрт мәрте тағайындалған: 1881-1884, 1884-1887, 1905-1908, 1908-1911 жылдары. Қызметтегі адалдығы мен жауапкершілігі үшін 1885, 1895 жылдары II және III санатты Құрмет шекпеніне лайық деп танылды. 1899 жылы әкесі Өлімханды Қарқаралыға оқуға әкелді. Бала орыс тілін білмейтін. Білім жолының жүгі ауыр. Мүмкін, сондықтан болар, Г.Есютин, Н.Кокорин, А.Захаров, И.Кожев, И.Соловьев сияқты оқытушылардың, заң мұғалімі А.Шестаков, инспектор Ф.Брутан, пошта басшысы А.Пономорев, фельдшер А.Завялова, училищеге жиі келетін уез басшысы Альфред Киництің есімдері бала Өлімханның жадында жатталды. Өлімханға «ақ желке» деген есім телінді. Уез басшысы өз өлкесінің патриоты болды. Сондықтан, мұғалімдерге қатаң талап қойды. Өлімхан Қарқаралыда жер аударылған журналист, «Митрич» деген бүркеншік атпен жазатын Владимир Соколовпен танысты. Олар бір үйде қатар тұрды. Соколов жас Өлімханға орыс тілін үйренуге көмектесті. 1905 жылы Соколов пен Ермеков Қарқаралыдан кетіп, Семейге жетті. Бірінің – жер аударылған мерзімі аяқталса, екіншісі ерлер гимназиясына оқуға түсті.

– Гимназиядағы оқудың алғашқы жылында земский стипендиясын алып жүрдім. Ал, жоғары сыныптарда саяси күдік тудырушы ретінде, мені облыс губернаторы стипендиядан қақты. Сондықтан, ата-анамның қаражатынсыз, жеке сабақ өткізу арқылы күн көрдім, – деуші еді Ермеков.

Гимназия оқушысының «саяси күдік тудырушы» атануы түсінікті. Семейде ерікті жастардың басын құраған социал-демократиялық сипаттағы үйірме жұмыс істеді. Құрамында Сәрсенев, Өлімбеков, Барлыбаев, Ғаббасов, Солодовников, Рамазанов, Ермеков болды. Олар өз өмірлерін халыққа қызмет етуге арнауды көздеді. Бұған қоса, осы кезеңде Өлімхан Ермеков Ахмет Байтұрсыновты, Жақып Ақбаевты, Әлихан Бөкейхановты таныды. Бірақ, тағдырларының тоғысып, олардан ұлы Григорий Потанин туралы естіп-білетінін ойламап еді. Семей гимназиясын Ө.Ермеков 1912 жылы алтын медальмен тәмамдады. Томск технологиялық институтының геологиялық барлау факультетіне оқуға түсті. Томскіде Г.Потанинмен танысты. Олар және апалы-сіңілі Антонина, Екатерина Уткиналар 1913 жылдың жазын Қарқаралы уезінің Қызыларай тауына жақын жердегі

Ермековтер ауылында өткізді. Қазақ халық ертегілерін жинақтады. Сол уақытта Ермековтер жайлауына заңгер Жақып Ақбаев, ақын Нарманбет Орманбетов, болыс басшысы Хасен Бижанов, ерлі-зайыптылар Нәзипа және Нұрғали Құлжановтар, аңызшы-ертекші Аяпберген Балабатыров келді. 1913 жылы Ө.Ермеков «Қазақ» газетіне алғашқы жазбасын жолдайды. Ол 1913 жылдың 8 мымыры күні жарық көрді. Сондай-ақ, 1916 жылдың 8 қазанында жарияланды. Ал, 1917 жылдың 22 шілдесінде оның есімі «Сарыарқа» журналында басылды. 1992 жылы мен А.Уткина-Веронинаның ұлы – Глеб Леонидовичті іздеп таптым. Ол отбасылық 15 фотосурет пен анасының 1913 жылғы сапар туралы жазған «Мои встречи и знакомство с Григорием Николаевичем Потаниным» деген қолжазбасын қоса салып жіберді. Мен Г.Уткинге «Сибирская старина» журналында осы деректерді шығаруды жалғастыруға кеңес бердім. Жалғасын тапты, жарыққа шықты.

Семейдегі жылдар

«Ресейде 1917 жылы революция болғанда мен Технологиялық институттың 5 курсына оқып жүр едім. Осыған орай, институтта білім алуым кідірді. 1917-1920 жылы мен Қоғамдық ұйымдардың атқару комитетіне, Жұмысшылар, сарбаздар, қырғыз және крестьяндік депутаттар кеңесі атқару комитеті президиумы мүшелігіне, Кирвоенробкомға, жалпықырғыз халық кеңесі мен губревкомға мүшелікке сайландым. Осы жылдары Семейдегі облыстық мұғалімдер курстарында математика оқытушысы болып қосымша қызмет атқардым».

Ө.ЕРМЕКОВТИҢ автобиографиясынан.

Осы қауырт, қасіретті жылдарда Әлімхан Әбеуұлы Қазақстанда мемлекеттілік құру үшін күресті. Қазақ ұлтының патриоттылығы жоғары болды. Кеңестердің жақтаушылары да, «Алаш» ұлттық партиясының ұстанымын жақтаушылар да ел арасында еді. Егер, лениндік типтегі күрескер-революционерлер жайлы көп жазылса, өзге партиялардың іс-әрекеті туралы жазу Ресей империясындағы жағдайды бейтарап бағалауда аса маңызды болмады. Ахуал жедел өзгеріп отырды. Мұны «Дело» газетінде қыркүйек-қазан айларында жарық көрген хабарламадан анық аңғаруға болады: «... В связи с мятежом Корнилова образован Временный ревком по Семипалатинской области». Ө.Ермеков ревком құрамында болды. Ревком бір-ақ апта өмір сүрді. 3 қазанда Құрылтайшылар кеңесіне сайлау өткізу қарсаңында, облыстағы қазақ халқының атынан Ө.Ермеков облыстық комиссияға сайланды. Ө.Ермеков Құрылтайшылар жиынына «Алаш» партиясының атынан Ө.Бөкейхановтан кейінгі екінші үміткер болып тіркелді. Автор «Алаш» партиясының және Алаш орданың көсемдеріне, оның ішінде, Ө.Ермековке сипаттама береді.

Ө.Ермеков Ө.Бөкейханов басшылық жасаған Алаш орда үкіметіне сайланды. «Алаш» партиясының өкілдері Сібір және Түркістан автономиясы, қазақ-қырғыз автономиясы, милиция, Ұлттық кеңес, оқу-ағарту ісі, қазынашылық, сот, ауыл әкімшілігі сияқты мәселелерді көтерді.

Осыған орай, Алаш орда үкіметі Совнаркоммен байланыс орнатты. Келіссөздердің нәтижесін «Абай» журналының редакторы Жүсіпбек Аймауытов жариялады. «Қуаныш құтты болсын! Журналымыз басылып қойғаннан кейін мынадай қуанышты хабар алып, теңдікке, билікке сусаған алаштың ауылын қуантқалы журналдың тысына осы хабарды асығып басып отырмыз. 20 март күні (ескіше) Мәскеудегі Совет өкіметінің басшысы Ленин мен народный комиссар Сталиннен Ө.Бөкейханов, Х.Фаббасов атына телеграмма келді.

«Әр халықтың өз билігін өзіне береміз деп шашқан закон-жарлығымыз әлі со қалпында, айтқанымыз - айтқан. Сіздердің өкілдеріңіз бізге әкеліп тапсырған жалпы қазақ съезінің қаулысын түгелімен қабыл аламыз, жалғыз-ақ Совет өкіметін танысаңыздар. Енді біздің билік береміз деген сөзімізді іске асыру керек. Ол жердегі тұрған әкімшілікпен бірігіп съезд шақырып, автономияны жария қылу жолында болатын комиссия жасаңыздар. Қазақ қамқорлары тезінен комиссиясын жасап, автономиясын жария қылуға асығар деп білеміз. Ендігі бір ниет, бір тілектегі адамдармен ақылдасып, байлаған сөздеріңізді білдіріңіз» - деп Ленин, Сталин қол қойған. Мәлім болғандай, Совет үкіметі құрмет көрсете отырып, «Алаш» партиясы мүшелеріне кеңшілік көрсетіп, жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Жұмысшы-шаруалардың мүддесін М.Әуезов, М.Саматов, С.Арганчиев, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков және басқа да зиялылар қорғады. Міне, бұл туралы Әлімхан Әбеуұлының жазбасы: «Биліктің губерниялық органын құруды ұйымдастыру үшін 1919 жылдың желтоқсан айында Омскіден Семейге Сибревком мүшесі Косарев келді. Ол қазақ жұмысшылары мен әл-ауқаты төмен жандардың басын құрап, Семей қаласы жұмысшы аудандарының бірнеше митингі өткізді. Мақсат – губерниялық революциялық комитеттің мүшелігіне үміткерлер сайлау бойынша елдің пікірін білу. Бұдан кейін Косаревтің ұсынысымен мен губревком құрамына қосылдым...» Мұрағат құжаттарының айғақтауынша, аталған кездесу 1919 жылдың 22 желтоқсанында өткізілген. Ермековке халықтық білім беру және жер бөлімін бақылау тапсырылды. Бірақ, 29 желтоқсан күні Сибревкомнан телеграмма келді: «Ермекова и Габбасова не утверждать членами губревкома». 31 желтоқсанда Ермеков қызметінен босатылды, кейін орнына қайта келді.

1920 жылдың 30 қаңтарында Ә.Ермеков жергілікті ревкомның, оның бөлімдерінің жұмысымен танысу үшін Павлодарға жіберілді. Оған жергілікті органдар қатарына мұсылман өкілдерін – қазақ, татарларды қосу тапсырылды. Өзін-өзі қорғауы үшін Ермековке «винтовка» немесе «наган» ұстау ұсынылды. Ә.Ермеков Павлодарда уездік ревкомның бұратаналар бөлімшесін құрды. Оны Ахметулла Барлыбаев басқарды. 1920 жылдың ақпанында Омскіден алынған телеграмма мәтіні халыққа жария етілді: «Барлық мекемелер мен азаматтардың назарына ұсынылады. Сибревком телеграммасына орай, губревком келесі құрамда бекітілді: төраға – Завадский, мүшелері – Скиба, Курамжин, Ермеков, Төленов». 16 ақпанда Ермековке білім, жер және заң бөлімін басқару жүктелді. 6 сәуірде Ә.Ермеков халықтар соттары губсоветінің мүшесі қызметіне тағайындалды. 16 сәуірде Д.Сәрсеновпен бірге Қырғыз өлкесі жоғары билігінің қарамағына Орынборға жіберілді.

Қазақ автономиясы

Қазақстан-Ресей шекарасы туралы мәселе 1919 жылдан бастап түрлі жиындарда бірнеше мәрте қаралып келді. Кирвоенревком төрағасы С.Пестковский бекіткен осындай бір жоба 1920 жылдың тамызында Мәскеуде қаралды. Жиынға Қазақстанның өкілі ретінде Ә.Ермеков қатысты. Шекараны талқылау мәселесінің барысы туралы Әлімхан Әбеуұлының жазбасында жазылған.

«Мәскеудегі 4 ай жұмыс мерзімінде Кирвоенревком мүшелерімен үнемі байланыс жасадым. Автономиялық республика құрылымы мен оның шекарасын белгілеу туралы қажетті нұсқаулықтар алдым. В.Лениннің басшылығымен өткен отырыста Қазақстанның орналасуы туралы баяндама жасадым. Маған дейін Түрік республикасының орналасуы туралы Туркомиссия мүшесі Сафаров ақпарат берді. Ол жер мәселесі жөніндегі реформаны жүзеге асыруды талап етті...»

1920 жылдың тамызы – қазақ халқы үшін шын мәніндегі тарихи ай болды. Осы айдың 17 жұлдызында В.Лениннің төрағалығымен өткен Совнарком жиынында бірінші рет Автономиялық Қырғыз Совет Республикасы туралы шешімнің жобасы қаралды. 24 тамызда В.Ленин Автономиялық Қырғыз ССР-і туралы құжатқа қол қойды. 26 тамыз күні Қырғыз Автономиялық Советтік-социалистік Республикасын құру туралы құжат бекіді. 1920 жылдың қазан айында Орынбордағы Советтердің Бірінші жалпықазақстандық съезінде Қазақ Советтік-социалистік Республикасы жария етілді. Өлімхан Өбеуұлы кейін Қазақстанның Алтай шекарасымен, Коростелевск даласымен шекара бөлісуде Семей және Ақмола облыстарын Қазақстан құрамына енгізуге қатысты. 3 ақпанда Барнауылға КирЦИК мүшесі Тоқжігітов, губисполком төрағасының орынбасары Ө.Ермеков және губфино меңгерушісінің орынбасары Титов барды. Коростелевск даласын және Алтай өлкесінің 18 елді мекенін Семей облысының құрамына өткізу туралы мәселе көтерді. Ө.Ермеков қазақ жерін біртұтас республика құрамына қайта енгізуде маңызды рөл атқарды. Өз халқының патриоты, білгірі, көршілес елдермен түсіністігімізді терең білетін Ө.Ермеков тарихи сәттің бел ортасынан табылды. ВЦИК жанындағы Қырғыз өлкесін басқару бойынша Әскери-Революциялық комитет өкілдігінің мұрағат қорындағы құжаттарда 1920 жылғы 9 тамыздағы Өкілдік қызметкерлерінің тізімі көрсетілген. Алқа төрағасы – Өлімхан Ермеков.

Тағы да Қарқаралыда

Анықтама

Өлімхан Ермековтің 1921 жылғы 1 қыркүйектен – 1924 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қарқаралы қаласындағы 2-сатылы мектеп директоры болып, математика пәнін оқытқанын растау үшін берілді. Еңбек өтілін осы жылдары мектепте оқыған және жұмыс істеген А.Баймақанов, Р.Таңатов, А.Сәулебеков растайды. Қарқаралы білім бөлімінің басшысы Иманқұлов. 20 маусым, 1957 жыл.

Қарқаралыға қайта оралуы Ермековтің кең тыныстап алуына қажет болды. Қоғамдық жұмыстары қауырт бола түсіп, Технологиялық институттағы оқуын тәмамдауы да қажет болды. Өлімхан Өбеуұлы өзін советтік жаңа мектепте сынап көрмек болды. Сондай-ақ, диплом қорғауға әзірленді. Жолға шығарында танымал сібір геологы М.Усов қатты сырқаттанып қалды. «Бірде Усовқа екі жас адам келді – тау-кен факультетінің студенті Өлімхан Ермеков және оның жары, жас дәрігер, Томск университеті медициналық факультетінің түлегі Рақия Шағабетдиновна. Олар Михаил Антоновичті Қазақстанға жазғы демалысқа – таза ауамен тыныстап, күш-қуат жинауға шақырды. 1921 жылдың шілдесінде олар Баянауылға табан тіреді. Мұнда Ермековтің досы, халық судьясы Қаныш Сәтбаев құшақ жая қарсы алды» (Казахстанская правда. Алматы. 1987 жыл, 10 желтоқсан). Қарқаралыдағы тоғыз жылдық мектеп – білім берудің жаңа жүйесінің қарлығашы. Оқу орнының екі қабатты жеке ғимараты болғанымен, оқу құралдары, мұғалімдер жетіспеді. Өлімхан Өбеуұлы Томск, Омск, Семей қалаларына барып, тәжірибелі мамандарды іздеп тапты. Осылайша, мектепте жұмыс істеуге Б.Винжик-Грудский, С.Кропанин, Д.Юринский, В.Колтыпин, Андрусевич, И.Тарабаев, А.Рязанцева және өзге де мамандар келді. Кітапхана қоры да толығы түсті. Мектепте білім алған А.Сәулебеков былай деп еске алатын: – Мектепте білім алу үшін уездің жиырма екі болысынан жүздеген бала жиналды. Оларды қабылдау комиссиясы сынақтан өткізді. Директор «бұлақтың көзін ашуға» мықтап бекінді. Ермеков педагогикалық кеңестерде білім мен тәрбие

берудің – үлкен өнер екенін, үнемі ізденіс қажеттілігін қайталаудан тынбады. Осы мектеп қабырғасынан Қазақстан ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің тұтастай шоғыры шықты. 1923 жылы Ө.Ермеков Томскіде дипломдық жұмысын қорғады. Ол «геолог-барлаушы» мамандығы бойынша тау-кен инженері дипломын алды. 1924 жылдың 31 наурызында Ө.Ермеков А.Досовтың ұсынысымен Семей губерниялық жоспары төрағасының орынбасары болып бекіді.

Республикаға қызмет

Ө.Ермеков геолог емес, жүрек қалауымен математик болды. Ол республиканың алғашқы жоғары оқу орындарында математика пәнін оқытып қана қоймай, математика кафедраларын құруға, қазақ тіліндегі оқулықтарды әзірлеуге де ерекше атсалысты.

Ө.Ермековтің қызмет жолы: 1926-1928 жылдары – Ташкенттегі Қазақ жоғары педагогикалық институты жаратылыстану-математикалық факультетінің деканы және оқытушысы.

1928 жылы – Алматы пединституты және Қазақ университеті математика кафедраларының доценті. 1930-1935 жылдары – Алматы ветеринарлық-зоотехникалық институтында доцент, профессор, математика кафедрасының меңгерушісі. 1935-1937 жылдары – Алматы тау-кен-металлургиялық институты жалпытехникалық факультетінің деканы, математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі, профессоры. 1926 жылы және 1929 жылы екі мәрте Қазақ ССР ЦИК-інің 6-7 шақырылымына мүшелікке сайланды. Ермековтің абыройы – математика саласы республикадан тыс жерлерде де жоғары бағаланды. 1935 жылдың 5 қарашасында СССР ЦИК жанындағы Жоғары техникалық білім беру комитетінің Жоғары аттестациялық комиссиясы Ө.Ермековке профессор атағын беруді бекітті және алдағы уақытта ғылым докторы ғылыми дәрежесін қорғауға ұсынды. Әлімхан Әбеуұлы – қазақтың тұңғыш профессор-математигі.

1932-1936 жылдары Әлімхан Әбеуұлы ҚазССР Наркомтяжпромының тапсырмасына орай, өте өзекті мәселені қолға алды. Орта мектептердегі білім беруге қажет болғандықтан, қазақ тіліндегі математикалық терминологиялық сөздікті құрастырды. Қазақ тіліндегі жоғары математика оқулығын да қоса әзірледі. 1936-1937 жылдары профессор Ө.Ермековтің үш ғылыми жұмысы жарық көрді. «Жоғары математика курсының» екінші бөлімі де әзірленді. Бірақ, еңбек жарыққа шықпады. 1966 жылы «Первая кузница инженерных кадров Казахстана» кітабы жарық көрді. Онда Қазақ политехникалық институтының 30 жылдық тарихы мен Ө.Ермековтің биографиясынан сыр шертілген.

Қамаудан кейінгі қамау

1936-1937 жылдары Алматыға ғалымдарды қудалаудың толқыны жетті. Жиындарда сол кезеңнің ең жаттанды сөздері – «халық жауы», «сатқын» деген сөздер жиі айтылды. Бұған қоса, 1937 жылдың 2 тамызында Әлімханның немере әпкесінің күйеуі Темірбек Жүргенов тұтқындалды. Ө.Ермеков өзіне төнген қатерден қорғану үшін Мәскеуге жол тартты. РСФСР Мемлекеттік жоспары оқу орындарының бас басқармасы оны Куйбышев жоспарлау институтына математика және математикалық статистика кафедрасына меңгеруші етіп жіберді. Бірақ, 1938 жылдың ақпанында Ө.Ермеков қамауға алынды.

Форма № 5

НКВД КазССР

ПРОТОКОЛ ОБЫСКА

Гор. Алма-Ата, 1938, марта 27 дня.

Я, сотрудник 4 отд. УГБ Бенске, на основании ордера НКВД КазССР № 265 от 28 марта 38 г. произвел обыск в квартире Ермекова А.: улица Сталина, дом № 131. При обыске присутствовали Ермекова Ракия, Терегулова Маги, Игенов Карим.

Взято для доставления в УГБ НКВД следующее: членский билет № 28 на имя Ермекова Алимхана союза Рабпрос, лечебная карточка № 285, пропуск в КазПИ, грамота-удостоверение об окончании Томского института, справок и удостоверений разных на 21 листе, книжка «15 лет Казахстана». Обыск производил уполном. 4 отд. серж. Гос.без. Бенске.

При обыске заведена жалоба от Ермековой. Все указания в протоколе и прочтение его с примечаниями лиц, у которых обыск производился, удостоверяем: Ермекова, Игенов, Терегулова.

Копию протокола получила. Ермекова (Алматы, 1966 жыл. Ә.Ермековтің жеке мұрағаты).

Әлімхан Әбеуұлы Қарағандыға келгенінде өзінің тұтқынға алыну себебін сұрағандарға СССР-дің бас әскери прокурорына жазған өтінішін оқытатын. Онда төмендегідей жазылған:

«Хаттамада көрсетілген жаланың орынсыздығы соншалық, касациялық инстанция – Жоғарғы соттың әскери алқасы ІД-нің Әскери Трибуналының шешімін қате деп тануына тура келді». Ә.Ермеков 1947 жылы Воркута лагерлерінде 9 жыл жазасын өтеп, Қазақстанға қайта оралды. Жұмысқа орналасуы үшін, ӨзбекССР ҒА мүшесі, профессор В.Романскийге ұсыныс жаздырды: «Мен Ермековті білімі терең, жан-жақты адам, адал еңбек иесі, кез келген ЖОО-да сабақ бере алатын білікті математик ретінде бұрыннан танимын. Ол докторлық диссертациясын қорғауға ерекше дайындалды. Менің ойымша, егер оған кейбір сыртқы жағдайлар кедергі болмағанда ол диссертациясын жазып шығушы еді». Әлімхан Әбеуұлы Шымкент технологиялық институтына кафедра меңгерушісінің міндетін атқарушы болып орналасты. Бірақ, 1948 жылдың 4 желтоқсанында Ермеков қайта қамауға алынды. Жабылған жала – 58 (1А), 58 (2) баптары бойынша жазасын өтеген тұлғалар СССР ИМ шешіміне орай, қайта оқшауландырылады. Ермеков тағы жеті жылын Канска және Тайшета түрмелерінде өткізді. Ақыры, СССР Прокуратурасының, ИМ және КГБ-ның шешімімен 1955 жылдың 7 наурызында Ә.Ермеков бостандыққа шықты. Тұрғылықты жері ретінде өзінің ұлы Мағауияның отбасы тұратын Қарағандыны таңдады.

СССР Министерство внутренних дел 20 апреля 1955 г. **СПРАВКА № 3671**

Форма «Б». Видом на жительство не служит. При утере не возобновляется.

Выдана гражданину Ермекову Алимхану Абеуовичу, 1891 г.р., уроженцу Каркаралинского района Карагандинской области, гражданство СССР, национальность казах, в том, что он с 4 декабря 1948 года содержался в ИТЛ и 20 апреля 1955 г. освобожден за прекращением дела в порядке статьи 204 П «б» УПК РСФСР и следует к месту жительства - г. Караганда.

Начальник лагеря Павлов.

Қарағандыдағы жылдар

Өмірді қайта бастау кезеңі туды. Математика саласындағы жүзеге аспаған арманды жолда қалдыруға тура келді. Қарағанды тау-кен институты математика кафедрасының доценті қызметін Әлімхан Әбеуұлы үш-ақ жыл атқарды. Денсаулығына байланысты 67 жасында жұмыс орнынан кетті.

Хрущевтік жылымық жылдар революция жылдарындағы замандастар есімін қайта жаңғыртудың үміт отын жақты. Бірақ, әдетінше тарихтың кейбір беттері жабулы күйінде қалды. Әлімхан Ермеков қуғынға ұшыраған қазақ зиялыларының ісінен ешбір қылмысты көре алмады. Жаза олардың жақындарын да айналып өтпеді. Әлімхан Әбеуұлының жары Рақия да 8 жылға оқшауландырылып, сол жылдарын Совьееведегі орман кесу шаруашылығында өткізді. Ермековтің қарындасы Дәмеш Жүргенова да (1905-1990) зардап шекті. «Халық жауы» Темірбек Жүргеновтің әйелі ретінде, 1938-1946 жылдары ҚарЛаг-та жазасын өтеді. Әлімхан Әбеуұлы жасы ұлғайған шағында мемуарлар жазуды қолға алды. Бірақ, тым сирек жазды. Естеліктерінің соңы формулалар мен сандардың қатаң тәртібіне қалыптсақан профессордың көңіліне жаға қоймады. Алайда, тыңдайтын құлақ болса естелік айтудан еш жалыққан емес. Бұл ретте, құрметті Жайық Бектұровтың (1912-1998) еңбегін атап өткен дұрыс. Оның еңбегінің арқасында, Ә.Ермековтің өмірі туралы көптеген мағлұматтар сақталды. Бүгінгі күні профессор-математик Ә.Ермековтің мұрағатында химия және математика пәндерінен дәрістер, автобиографиялар, В.Ленинмен кездесулері туралы естеліктері, түрлі жарияланымдары сақталған. Отызыншы-қырығыншы жылдары жойылуына байланысты фотосуреттері тым аз сақталған. Осы деректерді сақтап, жүйелеуде Мағауия Әлімханұлының еңбегі зор. Ол әке жолын қуды. Профессор, геология-минералды ғылымдар докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, КПТИ-де көп жылдар бойы кафедра меңгерушісі болды.— Соңғы уақытта әкемнің мұрағатына деген қызығушылығым арта түсті. Қазақстан Республикасы механика және математика институты қазақтың тұңғыш профессор-математигінің туғанына 100 жыл толуына орай, конференция өткізуге дайындалуда. Қарағандылықтар бір көшені Әлімхан Ермековтің есімімен атауды ұсынды. Советтік Қазақстанды құру ісіне әкемнің қосқан үлесін зерделейтін мазмұнды мақалалар жарыққа шығуда» (Ю.Попов. Обращаясь к далеким временам. Азия-транзит, Қарағанды, 1999, 25-31 наурыз).

Ә.Ермековтің есімі мен еңбегінің жаңғыруы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келді. Қарағандыда және Қарқаралыда Әлімхан Ермековтің атындағы көшелер бар. Политехникалық университет қабырғасындағы мемориалдық тақта оның осы оқу орнындағы еңбек жылдарынан сыр шертеді. Тақта 1993 жылы ашылды және ашылу салтанатында мен сөз алдым.

Сондай-ақ, Қарағанды қаласында Ленин көшесі, 58 үй, 8 пәтер бар. Дәл осы мекен-жайда Әлімхан Әбеуұлы өмірінің соңғы таңын қарсы алды. Тұрғылықты жері жайлы профессор әзілін де ойлап тауып, көзін көргендер бұл сөзін жатқа айтып жүрді.— Маған 58 статьяны 8 пунктпен жазды. Енді, үй мен пәтер де осындай нөмірлермен бұйырды. Өзімнің өткенімді ұмытпауым үшін...

Расыменде, шындық пен тарихтың арасы алшақ емес! Осы үйдің қабырғасындағы тақтайшаны көрген қарағандылық жас буын да Әлімхан Әбеуұлының соңғы мекен-жайын біліп жүрер.

Иван Шуховтың ерлігі

Ә.Ермеков өмірден өткен соң, 1973 жылы мен «Простор» журналының редакциясына «Последнее путешествие Григория Потанина» тақырыбындағы очеркімнің бірінші нұсқасын әкеліп бердім. Александр Смойленкоға жолықтым. Ол очеркті бірден оқып шықты. Очеркті ұнатты, бірақ, «Алаш орда» партиясының бұрынғы көсемі Ә.Ермековтің есімі мен өмірінің мақалада жазылуына

күмәнмен қарады. Сөйтіп, журналдың редакторы Иван Шуховқа очеркті көрсетті де жағымды жаңалығын айтты. Журналдың сол жылғы қараша айындағы нөміріне басылатынын жеткізді.

Очерк еш өзгеріссіз жарық көрді. Осылайша, мен үлкен басылымдарға мақала жазудағы алғашқы қадамымды жасадым. Мен қуандым. Ал, Шуховтың басына күн туды. «Халық жауы» Ө.Ермековтің студенттік өміріне дейін жариялаған журналға зиянды материалдар басылады деген кінә тағылды. Шуховты ЦК-ға шақырды. Ол өзімен бірге менің түсіндірмелік жазбаларым жинақталған папканы ала барыпты. Осылайша, Иван Петрович журналда очерктің жарық көруі себебін айқындап берген. Кейін Алматыға барғанымда Самойленко мен Шуховпен жүздестірді. Танымал жазушыны бірінші көруім еді. Мына сөздері жадымда сақталды:

– Жазыңдар! Мен Ермековті және сені қорғап сөйледім. Шындыққа күйе жақпаңдар. Турасын жазыңдар...Өкінішке орай, менің алғашқы кітабымның («Каркаралинские узоры») авторы Е.Купрееваға Шуховтай іс тындыру бұйырмады. Басқа да тұлғалар сияқты, Ермековтің есіміне де «кір жағылды». Өлекеңнің ұлы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Мағауия Ермековпен (1921-2006) бірге ҚР ҒА ХМИ-де бірге қызмет атқардық. Оның аузынан Ермековтер әулеті жайлы көп дерек тыңдадым. 2000 жылы біздің ортақ туындымыз, «Алимхан Ермеков: страницы жизни» атты шағын кітапша жарық көрді. Мағауия Өлімханұлы өз очеркін «Мой отец – Алимхан Абеуович Ермеков» деп атады. Менің бөліміме «Григорий Потанин и Алимхан ермеков в степях Сары-Арки» деген айдар тағылды. 2012 жылы тарих ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты директорының бірінші орынбасары Ж.Қыдыралина «Знаменитые люди великой степи» сериясында Ө.Ермековтің өмірбаянын жариялады. Автор Қарқаралы даласынан шыққан мемлекетшіл тұлғаның әрі математик ғалымның жеке қасиетінің жарқын қырларын аша білген. Ж.Қыдыралина осы тақырыптағы менің жазбаларымды да ерекше атап көрсеткен.